Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.2 – Б. 240-241

ТЕХНОГЕНДІ ҚАУІПТІ АЙМАҚТАРДАҒЫ МАЛ ЕТТЕРІН ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ САНИТАРИЯЛЫҚ САРАПТАУ

Аксеитова А.

Қазіргі кезде металлургиялық, химиялық, жылу энергетикалық, биологиялық, өндірістік кәсіпорындарының қарқынды даму нәтижесінде топырақ, су, азық құрамында олардың концентрациясы он есе арту үстінде. Қазіргі жағдайда техногенді ластағыштардың токсиканттары жануар өнімінде жоғары көлемде кездесуде.

Адамға қатысты биологиялық қауіпсіздікті ең алдымен, тіршілігінің маңызды құрамдарының бірі болып есептелетін азық-түлік қауіпсіздігі жағынан, сонымен қатар санитарлық-эпидемиологиялық тұрғыдан қарастыру қажет. Қоршаған ортадан адам организміне енетін химиялық бөгде заттардың жалпы санының 30-80%-ы тағаммен түседі. Таралуы мен улылығы бойынша келесі ластағыштар қауіптілік тудырады: улы элементтер (ауыр металл тұздары, пестицидтер, диоксиндер және диоксин тәрізді қосылыстар, полициклдік хош иісті көмірсулар, радионуклидтер). Құрамында бөгде заттары бар мал өнімдерін тамаққа қолданғанда адамдарда жіті немесе созылмалы уланулар пайда болады. Көптеген бөгде заттардың канцерогенді, тератогенді, мутагенді әсерлері бар, аллергиялық реакция тудырып, телімді немесе жалпы резистенттілікті төмендетеді.

Арнайы мониторинг жасап, техногенді қауіпті аймақтардан сынама алынды. Олар Қарағанды, Степногорск, Көкшетау қалалары. Бұл аймақтар ірі өндірістік және аграрлық орталық болып саналады.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Еттер арнайы мемлекеттік стандарт 51447-99 «Ет және ет өнімдері. Сынаманы алу әдісі» бойынша алынды.

Зертеу мақсаты: Еттегі ауыр металл тұздарының және радионуклеидтердің қалдық санын анықтау.

Еттегі ауыр металл тұздарының қалдық санын (сынап, мырыш, мыс, күшәлә, кадмий, қорғасын, тағы басқа элементтер) – индукциялық-байланысты плазмасы бар масс-спектрометрия әдісімен анықталды. Радионуклеидтер (стронций мен цезий) спектрометрия әдісімен анықталды.

Зертханалық зерттеулер бойынша айтарлықтай өзгерістер байқалмады және алынған нәтижелер көрсеткіштері талаптарға сай екендіктері анықталды. Бірақ та, Степногорск қаласынан әкелінген сиыр етінің сынамасында мырыш мөлшері нормадан 2есе артық, ал қорғасын мөлшері нормадан 0,1 есе артық. Қарағанды облысының әкелінген ет сынамаларында радионуклеидтер көрсеткіштері нормадан аспады.

ШЖК-ның токсикалық элементтерінің ауытқулары өндірістердің, металлургияның әсерлерінен.